

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 мамырдағы N 521 қаулысы

"Маңызды стратегиялық мәні бар қызметті мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1271 қаулысының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясының заң қызметтеріне ақы төлеу үшін 78640523 (жетпіс сегіз миллион алты жүз қырық мың бес жүз жиырма үш) теңге және Стокгольм қаласының (Швеция Корольдігі) Сауда-өнеркәсіп Палатасы Төрелік Институтының төрелік шығыстарына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін күнге белгілеген бағам бойынша 30569 (отыз мың бес жүз алпыс тоғыз мың) еуроға баламалы сомада қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясымен заң қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*